**Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 188 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 маусымда № 22968 болып тіркелді

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасы және 20-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға көтерме саудада өткізудің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнайгаз-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Энергетика министрі* *Н. Ногаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

2021 жылғы 3 маусымдағы
№ 188 бұйрыққа
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары

| № | Өңір | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен |
|---|---|---|
| 1. | Нұр-Сұлтан қаласы | 25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт) |
| 2. | Алматы қаласы | 21 346 (жиырма бір мың үш жүз қырық алты) |
| 3. | Шымкент қаласы | 22 276 (жиырма екі мың екі жүз жетпіс алты) |
| 4. | Ақмола облысы | 25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт) |
| 5. | Ақтөбе облысы | 6 410 (алты мың төрт жүз он) |
| 6. | Алматы облысы | 21 346 (жиырма бір мың үш жүз қырық алты) |
| 7. | Атырау облысы | 7 291 (жеті мың екі жүз тоқсан бір) |
| 8. | Батыс Қазақстан облысы | 12 122 (он екі мың бір жүз жиырма екі) |
| 9. | Жамбыл облысы | 20 653 (жиырма мың алты жүз елу үш) |
| 10. | Қарағанды облысы | 25 764 (жиырма бес мың жеті жүз алпыс төрт) |
| 11. | Қостанай облысы | 19 036 (он тоғыз мың отыз алты) |
| 12. | Қызылорда облысы | 8 358 (сегіз мың үш жүз елу сегіз) |
| 13. | Маңғыстау облысы | 14 435 (он төрт мың төрт жүз отыз бес) |
| 14. | Түркістан облысы | 22 276 (жиырма екі мың екі жүз жетпіс алты) |
| 15. | Шығыс Қазақстан облысы | 7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш) |

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2021 жылғы 3 маусымдағы
№ 188 Бұйрыққа
2-қосымша

## Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газдың тауарлық газды сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторларға тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары

| № | Өңір | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен |
|---|---|---|
| 1. | Нұр-Сұлтан қаласы | 30 391 (отыз мың үш жүз тоқсан бір) |
| 2. | Алматы қаласы | 38 788 (отыз сегіз мың жеті жүз сексен сегіз) |
| 3. | Шымкент қаласы | 35 898 (отыз бес мың сегіз жүз тоқсан сегіз) |
| 4. | Ақмола облысы | 30 391 (отыз мың үш жүз тоқсан бір) |
| 5. | Ақтөбе облысы | 12 719 (он екі мың жеті жүз он тоғыз) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Алматы облысы | 38 788 (отыз сегіз мың жеті жүз сексен сегіз) |
| 7. | Атырау облысы | 9 469 (тоғыз мың төрт жүз алпыс тоғыз) |
| 8. | Батыс Қазақстан облысы | 13 670 (он үш мың алты жүз жетпіс) |
| 9. | Жамбыл облысы | 35 933 (отыз бес мың тоғыз жүз отыз үш) |
| 10. | Қарағанды облысы | 30 391 (отыз мың үш жүз тоқсан бір) |
| 11. | Қостанай облысы | 28 273 (жиырма сегіз мың екі жүз жетпіс үш) |
| 12. | Қызылорда облысы | 19 548 (он тоғыз мың бес жүз қырық сегіз) |
| 13. | Маңғыстау облысы | 18 476 (он сегіз мың төрт жүз жетпіс алты) |
| 14. | Түркістан облысы | 35 898 (отыз бес мың сегіз жүз тоқсан сегіз) |
| 15. | Шығыс Қазақстан облысы | 7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК